



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

22.02.2024 ж.

№ 31, 9- т.

**2024-2025 жылдарға арналған «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ-нің кәсіподақ кадрлары мен активтерін оқытуды ұйымдастыру жөніндегі ұсынымдарды бекіту туралы.**

Кәсіподақтың Атқару комитетінің 2023 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ-да кәсіподақ кадрлары мен активтерін оқытуды ұйымдастыру жөніндегі ұсынымдарды жаңарту туралы қаулысын орындау және оларды өзектендіру мақсатында Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ-нің 2024-2025 жылдарға арналған кәсіподақ кадрлары мен активтерін оқытуды ұйымдастыру жөніндегі ұсынымдарының жаңа редакциясы бекітілсін (қосымша беріледі).

2. Мүшелік ұйымдардың басқарушы органдары:

- «2024-2025 жылдарға арналған кәсіподақтың кадрлары мен активтерін оқытуды ұйымдастыру жөніндегі ұсынымдарды» барлық құрылымдық бөлімшелеріне (филиалдар мен бастауыш ұйымдарына) жеткізсін;

- кәсіподақтық оқыту аудиториясын (қатысушыларын) кеңейту бойынша жұмысты жандандырсын;

- оқытуларды өткізуді ұйымдастыру бойынша кәсіподақ активі мектептерінің жұмысында аудандық комитеттерге (қалалық комитеттерге) қажетті көмек көрсетсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф.Беженаровқа жүктелсін.

Төраға

А. Мұқашева